



Scientific article  
IRSTI 02.11.21




<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-85-102>

## EXISTENTIALISM AND FALSE INTERPRETATIONS: A PHILOSOPHICAL CRITIQUE OF POPULAR STEREOTYPES

<sup>a</sup> Saken NURKABEKULY  , <sup>a</sup> Tursun GABITOV , <sup>a</sup> Dinara ABITAY 

<sup>a</sup>*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

 [nekas.s60@gmail.com](mailto:nekas.s60@gmail.com)

**Abstract.** The article examines superficial perceptions and distorted understandings of existentialism in contemporary philosophical and cultural discourse. Although crises related to the search for meaning, anxiety, loneliness, and absurdity have revived the relevance of this philosophical trend, existentialism is often associated in public consciousness and academia with atheism, pessimism, or depression. Furthermore, there is a widespread tendency to reduce it solely to the figure of J.-P. Sartre. Such misinterpretations not only complicate academic debate but also result in the loss of existentialism's authentic meaning.

The study emphasizes the need to overcome these misconceptions in order to uncover the genuine categorical nature of existentialism and the spiritual contradictions inherent in human existence. The ontological and humanistic dimensions of existentialist thought are clarified, while the importance of distinguishing authentic understanding from superficial interpretations is substantiated. The methodological basis of the research is the apophatic approach, which reveals authentic meaning through the negation of false concepts.

The findings highlight the cultural and academic consequences of superficial interpretations of existentialism. The novelty of the article lies in the systematic analysis of widespread stereotypes in order to restore its authentic essence. The study contributes to strengthening the relationship between philosophical reflection and humanities education.

**Keywords:** Western philosophy; existentialism; stereotype; humanities education; ontology; philosophical distortion; apophatic method; Sartre.

### For citation:

Nurkabekuly, S., Gabitov, T., & Abitay, D. (2026). Existentialism and false interpretations: a philosophical critique of popular stereotypes. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 154(1), 85-102. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-85-102>.

## ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМ ЖӘНЕ ЖАЛҒАН ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАР: ТАНЫМАЛ СТЕРЕОТИПТЕРГЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ СЫН

<sup>а</sup> Сәкен НУРКАБЕКҰЛЫ, <sup>а</sup> Тұрсын ҒАБИТОВ, <sup>а</sup> Динара ӘБИТАЙ  
<sup>а</sup> *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*

## ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМ И ЛОЖНЫЕ ИНТЕРПРЕТАЦИИ: ФИЛОСОФСКАЯ КРИТИКА ПОПУЛЯРНЫХ СТЕРЕОТИПОВ

<sup>а</sup> Сакен НУРКАБЕКУЛЫ, <sup>а</sup> Турсун ГАБИТОВ, <sup>а</sup> Динара АБИТАЙ  
<sup>а</sup> *Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі заманғы философиялық және мәдени дискурста экзистенциализмге қатысты қалыптасқан үстірт қабылдаулар мен бұрмаланған түсініктер талданады. Әлемдік деңгейде мағынасыздық, алаңдаушылық, жалғыздық және өмір мәнін іздеуге байланысты туындаған дағдарыстар бұл философиялық бағыттың өзектілігін қайта арттырғанымен, қоғамдық санада және ғылыми ортада экзистенциализм жиі түрде атеизммен, пессимизммен немесе депрессиямен байланыстырылады. Сонымен қатар оны тек Ж. Сартр тұлғасымен шектеп қарастыру үрдісі кең таралғаны айқындалады. Экзистенциализмді бұрмалай түсіну академиялық пікірталасты ғана қиындатып қоймай, қоғам санасында бұл философияның түпкі мәнінен айырылуына әкеледі.

Сол себепті зерттеуде осындай қате түсініктерден арылу арқылы экзистенциализмнің шынайы категориялық табиғаты және адам болмысына тән рухани шиеленістері айқындалады. Философиялық ойдың терең онтологиялық және гуманистік қырлары нақтыланып, үстірт интерпретациялардан ажырату қажеттілігі негізделді. Зерттеу апофатикалық тәсілге сүйенеді, яғни аутентикалық түсінікті қате ұғымдарды теріске шығару арқылы нақтылайды.

Зерттеу нәтижелері экзистенциализмді үстірт қабылдаудың мәдени және академиялық салдарын көрсетуге бағытталған. Мақаланың жаңалығы – кең таралған стереотиптерді жүйелі талдау арқылы экзистенциализмнің түпкі мәнін қалпына келтіру. Мақала философиялық пайым мен гуманитарлық білім беру арасындағы байланысты күшейтуге үлес қосады.

**Түйін сөздер:** батыс философиясы; экзистенциализм; стереотип; гуманитарлық білім; онтология; философиялық бұрмалау; апофатикалық әдіс; Сартр.

**Аннотация.** В статье рассматриваются поверхностные восприятия и искажённые представления об экзистенциализме, сложившиеся в современном философском и культурном дискурсе. Несмотря на то, что кризисы, вызванные поисками смысла жизни, тревогой, одиночеством и ощущением абсурдности, вновь актуализировали значимость данного философского направления, в общественном сознании и научной среде экзистенциализм часто связывается с атеизмом, пессимизмом или депрессией. Кроме того, выявляется тенденция ограничивать экзистенциализм исключительно фигурой Ж.-П. Сартра. Подобные искажения не только затрудняют академическую дискуссию, но и ведут к утрате подлинной сущности данной философии.

В исследовании подчеркивается необходимость освобождения от ошибочных интерпретаций с целью выявления истинной категориальной природы экзистенциализма и духовных противоречий человеческого бытия. Конкретизируются онтологические и гуманистические измерения философского учения, обосновывается важность разграничения подлинных и поверхностных трактовок. Методологической основой служит апофатический подход, позволяющий выявить аутентичное содержание через отрицание ложных представлений.

Результаты исследования направлены на выявление культурных и академических последствий поверхностного восприятия экзистенциализма. Научная новизна заключается в систематическом анализе распространенных стереотипов с целью восстановления его подлинной сущности. Статья способствует укреплению связи между философским мышлением и гуманитарным образованием.

**Ключевые слова:** западная философия; экзистенциализм; стереотип; гуманитарное образование; онтология; философское искажение; апофатический метод; Сартр.

**Дәйек сөз үшін:**

Нуркабекұлы, С., Ғабитов, Т., Әбітай, Д. (2026). Экзистенциализм және жалған интерпретациялар: танымал стереотиптерге философиялық сын. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 154(1), 85-102. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-85-102>.

**Кіріспе**

Соңғы онжылдықтарда экзистенциализмге деген қызығушылықтың артуы философиялық дискурс пен бұқаралық мәдениетте айқын байқалады. Жаһандық деңгейдегі мағынасыздық, алаңдаушылық, жалғыздық және өмір мәнін іздеу секілді әлеуметтік-философиялық дағдарыстар жағдайында бұл бағыт қайта назарға ілікті. Дегенмен, қызығушылықтың күшеюімен қатар экзистенциализмге қатысты бұрмалаулар, қарапайымдатулар және ұғымдық бұлдырлықтар да жиілей түсті. Қоғамдық санада да, академиялық ортада да экзистенциализм көбіне үстірт ассоциациялармен шектеліп, депрессия, атеизм, нигилизм, пессимизм немесе азап шегуді романтизациялау сияқты тар аяда түсіндіріліп келеді.

Осыған байланысты зерттеу мына мәселеге жауап іздеуді мақсат етеді: қазіргі дискурста экзистенциализмге қатысты қандай жаңсақ түсіндірулер кең таралған және олар аталған философиялық дәстүрдің мәнін қаншалықты бұрмалайды?

Мақаланың негізгі мақсаты – экзистенциализм табиғатына қатысты кең тараған қате пайымдарды философиялық тұрғыдан талдау, олардың пайда болу себептерін айқындау және соның негізінде экзистенциалистік ойдың мазмұны мен шекарасын нақтылау. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде апофатикалық тәсіл таңдалды. Мұндай тәсіл күрделі құбылыстарды олардың жалған, шектеулі немесе қайшылықты интерпретацияларын теріске шығару арқылы ұғынуға мүмкіндік береді. Әдетте ол теология мен метафизика саласында қолданылып келгенімен, философиялық ұғымдарды талдауда да өнімді нәтиже береді (Елікбай, 2016: 224).

Зерттеу барысында экзистенциализмді қабылдауда жиі кездесетін тоғыз қате түсінік қарастырылады. Әрбір жағдай философиялық тұрғыдан сынға алынып, экзистенциалистік ойдың шынайы ұстанымдары анықталады.

Зерттеу материалы ретінде Серен Кьеркегор (Kierkegaard, 1980; Kierkegaard, 1983), Мартин Хайдеггер (Heidegger, 1962), Габриэль Марсель (Marcel, 1951), Жан-Поль Сартр (Sartre, 2001; Sartre, 2007), Альбер Камю (Camus, 1991), Карл Ясперс (Jaspers, 1968) және басқа да ойшылдардың еңбектері алынды.

Зерттеудің өзектілігі экзистенциализмді үстірт және бұрмаланған түрде түсіндірудің тек академиялық пікірталасқа ғана емес, қоғамдық санаға да теріс ықпал етуінде. Экзистенциализмнің шынайы мазмұнынан ажырау қазіргі кезеңде айқын сезілетін экзистенциялық дағдарыстар жағдайында аса қауіпті, өйткені философиялық ойдың мұндай дәстүрі адамның болмысын түсінудің терең қырларын ашуға мүмкіндік береді. Экзистенциализм адам болмысының мәнін, еркіндігін және жеке жауапкершілігін талдайтын философиялық бағыт ретінде қазіргі философиялық зерттеулерде де өзектілігін сақтап отыр (Crowell, 2021; Young, 2021; Reynolds, 2023).

Қазіргі таңда экзистенциализмге арналған зерттеулер философиялық, психологиялық, мәдениеттанулық және әдебиеттанулық әдіснамаларды қамтиды. Философиялық бағыттағы еңбектер, әдетте, экзистенциализмнің басты өкілдерінің (Сартр, Хайдеггер,

Камю, Кьеркегор, Ясперс) концепцияларын жүйелеуге ден қояды. Мәселен, Дж. Маккуори (Macquarrie, 1972), Д. Купер (Cooper, 2000), С. Кроуэлл (Crowell, 2020) еңбектері бұл дәстүрдің теориялық негіздерін айқындауға үлес қосқанымен, экзистенциализмді бұрмалап қабылдаудың формалары мен салдарын арнайы талдауға ден қоймаған.

Орыстіліндегі ғылыми ортада экзистенциализм көбіне «шеткі жағдайдағы философия» ретінде сипатталып, оны эмоциялық немесе психоаналитикалық бағытта түсіндіру басым. Ал психотерапиялық тәжірибеде (Frankl, 2006; Yalom, 1980) экзистенциализм гуманистік психологиямен ұштасып, терминологиялық және ұғымдық шатасуларға себеп болады.

Жалпы экзистенциализмнің маңыздылығы кеңінен мойындалғанымен, оның философиялық бұрмалануларын жүйелі түрде зерделеу сирек құбылыс болып отыр. Мақала экзистенциалистік дәстүрді толыққанды түсінуге кедергі келтіретін тоғыз негізгі қате түсінікті философиялық тұрғыда талдау арқылы экзистенциализмнің шынайы мазмұнын айқындауды көздейді.

### **Материалдар мен зерттеу әдістері**

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде апофатикалық тәсіл ұстанылады. Мұндай әдісті ғылыми зерттеудің дәстүрлі инструменті деп атау қиын. Дегенмен апофатикалық тәсіл теологиялық және метафизикалық ойлау дәстүрінде бар. Философиялық талдау аясында ол күрделі әрі көп мағыналы ұғымдардың мәнін тура анықтамалар беру арқылы емес, қайта олардың шектеулі, қате немесе үйлесімсіз интерпретацияларын біртіндеп жоққа шығару арқылы ашуға мүмкіндік береді.

Аталған әдіс экзистенциализмді тікелей анықтауға емес, керісінше оның шынайы шекарасын белгілеп, жалған ұқсастықтар мен үстірт ассоциациялардан арылуға жол ашады.

Зерттеуде апофатикалық тәсіл дискурстық талдау элементтерімен және тарихи-философиялық салыстырмалы реконструкция әдісімен ұштасып қолданылды. Атап айтқанда, бұқаралық санада, мәдениет пен академиялық ортада орныққан экзистенциализм туралы ең кең таралған тоғыз бұрмаланған түсінік талдауға алынады. Әрбір қате интерпретация нақты экзистенциалистердің түпнұсқа мәтіндеріне сілтеме жасай отырып, талданып, философиялық дәстүр аясында контекстке енгізіледі.

Зерттеудің әдіснамалық назарында экзистенциализмді жеке тақырыптар жиынтығы ретінде емес, керісінше, онтологиялық және этикалық негізделген адам болмысы туралы философия ретінде қарастыру тұр. Бұл бағыт экзистенция, шынайылық, алаңдаушылық, тастандылық, трансценденттеу және т.б. категориялық құрылымдарға сүйенеді. Талдау барысында экзистенциализмнің діни (Kierkegaard, 1980; Kierkegaard, 1983; Marcel, 1951; Jaspers, 1968) және атеистік (Sartre, 2001; Sartre, 2007; Camus, 1991) өкілдерінің еңбектері қатар қарастырылады. Мұндай тәсіл экзистенциализмді біржақты идеологиялық формаға дейін қысқартуға жол бермейді.

### **Талқылау**

Жоғарыда айтқанымыздай, экзистенциализмді қабылдауда жиі кездесетін тоғыз қате түсінік бар. Олар:

- 1) Сартрдың көзқарасымен ғана теңестіру;
- 2) Атеизммен, меланхолиямен, апатиямен, нигилизммен, пессимизммен, обскурантизммен және гуманизммен біртұтас қарастыру;
- 3) Өмір мен өлім мәселесімен шектеу (Кесте 1).

Кесте 1 – Экзистенциализмді қабылдаудағы қате түсініктер мен қалыптасу себептері

№	Қате түсінік	Қалыптасу себептері	Философиялық қарсы уәж
1	Экзистенциализм = Сартр	Сартрдың харизмасы, насихат жұмысы, қоғамдағы танымалдығы	Экзистенциализм Сартрдан бұрын пайда болған. Кьеркегор, Хайдеггер, Ясперс, Марсель дәстүрді қалыптастырды
2	Экзистенциализм = атеизм	Сартр мен Камюдың танымалдығы. Атеистік бағыттың қоғамдық ықпалы	Экзистенциализм діни де, діни емес те нұсқаларға ие. Басты назар – адам болмысы
3	Экзистенциализм = меланхолия, күйзеліс	Бұқаралық мәдениеттегі үстірт түсіндіру («экзистенциалдық мұң»)	Психологиялық күйлер – адамның шынайы болмысын танудың философиялық құралы
4	Экзистенциализм = енжарлық, әрекетсіздік	Қоғамдық санада экзистенциалистерді тұйық, күйреген бейне ретінде көру	Экзистенциализм – еркіндік, таңдау, әрекет пен жауапкершілік философиясы
5	Экзистенциализм = пессимизм	Көркем шығармалардағы азап, шеткі жағдайлар	Философия үмітсіздікті бекітпейді, керісінше, мағына мен шынайылыққа жол ашады
6	Экзистенциализм = нигилизм	Мағынасыздықты бастапқы нүкте ету	Экзистенциализм мағына берілмейді, жасалады деп тұжырымдайды. Нигилизмнен айырмашылығы – жауапкершілікке негізделуі
7	Экзистенциализм = гуманизм	Сартрдың «Экзистенциализм – гуманизм» баяндамасы	Бұл дәстүрлі гуманизм емес. Экзистенциалистік адам – шектеулі, алаңдаулы, абсурдқа тап болған
8	Экзистенциализм = обскурантизм, иррационализм	Әдеби-афористік стиль, метафоралық тіл	Бұл ойлаудан бас тарту емес, керісінше радикалды ой формасы. Логиканың шегін кеңейту
9	Экзистенциализм = тек «өмір, өлім, еркіндік» философиясы	Бұқаралық білім беру мен түсіндіруде үстірт анықтама	Экзистенциализм – болмысты емес, нақты өмір сүріп жатқан экзистенцияны философиялық назарға алу

Кестеде ұсынылған деректер экзистенциализмнің шынайы мазмұнын тереңірек түсінуге бағыт береді. Қате түсініктердің әрқайсысын тарихи-философиялық контекст аясында талдап, нақты ойшылдардың еңбектерімен салыстыру маңызды. Сондықтан төменде әрбір қате түсінік жеке қарастырылып, философиялық дәстүрдің ішкі логикасы мен идеялық көпқырлылығы тұрғысынан түсіндірілді:

*Экзистенциализм – тек Сартр емес*

Экзистенциализмге қатысты ең кең таралған әрі орныққан қате түсініктердің бірі – оны тек Жан-Поль Сартрдың философиясымен шектеу. Ең қызығы, бұл қарапайым қоғамда емес, кейде академиялық ортада да байқалатын құбылыс. Экзистенциализм Сартрдың еркіндік, жауапкершілік және «дүниеге тасталған болмыс» жөніндегі ілімімен толықтай теңестіріліп жатады (Sartre, 2007: 30). Әрине, бұған Сартрдың ерекше харизмаға ие тұлға болуы және экзистенциализмді белсенді түрде насихаттауы себеп болып отыр. Ол университеттерде лекция оқыды, баспасөзде жиі көрінді, тіпті Нобель сыйлығынан да бас тартты, осының бәрі экзистенциализмді танымал «брендке» айналдырды.

Алайда мұндай редукция экзистенциалистік дәстүрдің күрделілігі мен алуан қырлы сипатын ескерусіз қалдырады. Тарихи тұрғыда экзистенциализм Сартрдан әлдеқайда бұрын пайда болған. Оның рухани негізін Серен Кьеркегор, Блез Паскаль, Фёдор Достоевский еңбектері құрайды. Кьеркегордың үрей, таңдау және сенім жөніндегі христиандық философиясы кейінгі экзистенциалистік ойлаудың іргетасын қалаған (Kierkegaard, 1983: 101).

Экзистенциализмнің теориялық тұғырын қалыптастыруға Мартин Хайдеггер мен Карл Ясперс те зор үлес қосты. Олар Сартрдан тәуелсіз түрде «шынайылық», «болмыс шекарасы», «трансценденттік қатынас» сияқты маңызды ұғымдарды дамытты (Heidegger, 1962: 7).

Сонымен қатар, экзистенциалистік бағыттың негізгі өкілдеріне Габриэль Марсель, Николай Бердяев, Лев Шестов, Мартин Бубер, Пауль Тиллих, Виктор Франкл және басқа да ойшылдар жатады. Бұл ойшылдардың көпшілігі адам, Құдай және еркіндік туралы мүлде қарама-қарсы көзқарастарда болғанымен, олардың барлығын адамның нақты болмысын – уайым, шектеулілік және таңдау контекстінде ұғынуға деген ұмтылыс біріктірді. Егер Сартр экзистенциализмнің атеистік және секулярлық бағытын ұстанса, Марсель мен Бубер оның теистік нұсқасын ұсынды.

Осылайша, экзистенциализмді бір ғана тұлғаның философиясы ретінде қарастыру – әдіснамалық тұрғыдан қате. Мұндай көзқарас бұл бағыттың тереңдігі мен байлығын жоққа шығарып, оның рухын бұрмалайды. Сонымен қатар, ол экзистенциализм философиясын ішкі диалогтан, сыни қарсылықтан және дүниетанымдық көптүрліліктен айырады, ал бұл қасиеттер оның шынайы күшін құрайды.

*Экзистенциализм – атеизм емес*

Экзистенциализмді атеизммен теңестіру – тағы бір кең таралған әрі әдіснамалық қателердің бірі. Бұл қате түсініктің пайда болуы көп жағдайда экзистенциализмнің қоғамдық кеңістікте көбіне атеистік бағытта танымал болуымен байланысты. Мәселенің бір ұшы тағы да сол Сартрға тіреледі. Бұл ағымның Жан-Поль Сартр, Симона де Бовуар және Альбер Камю сияқты көрнекті өкілдері қоғамда ерекше танымал болды. Мәселен, Сартр өзінің «Болмыспен Ештеңе», «Экзистенциализм – бұл гуманизм» атты еңбектерінде ашық түрде атеизм ұстанатынын айтып, адамның мәні мен өмірлік мағынасы Құдайдың болмауына байланысты өзі тарапынан жасалатынын алға тартты (Sartre, 2001; Sartre, 2007). Ал Камю болса, «әлемнің үнсіздігі» мен «болмыстың абсурдтығы» туралы жазды (Camus, 1942: 5).

Алайда экзистенциализм ешқашан тек атеистік философия болған емес. Бұл бағыттың негізін қалаушылар мен басты өкілдері арасында діни ұстанымы терең адамдар, метафизикаға бейімделгендер де, діни емес, бірақ атеизмге жатпайтын

ойшылдар да бар. Мысалы, Серен Кьеркегор – рационализммен ашық айқас жүргізген христиан философы. Габриэль Марсель болмыстың «құпиялығы» туралы жазып, оны діни интуициясыз елестету мүмкін емес екенін айтқан. Мартин Бубер өз философиясын абсолюттік «Сен және мен» қатынас негізінде құрды. Карл Ясперс, Пауль Тиллих, Николай Бердяев, Виктор Франкл және Дитрих Бонхеффер экзистенциализмді негізінен христиан дүниетанымына сүйеніп дамытқан. Болмыс мәселесін талдауда Хайдеггер философиясы экзистенциалдық ойлаудың негізін құрайды. Бұл мәселе қазіргі философиялық зерттеулерде де кеңінен қарастырылып келеді (Crowell & Malpas, 2024).

Тіпті өзін нақты дін ұстанушы ретінде көрсетпеген ойшылдардың өзі, мысалы, Мартин Хайдеггер – атеизммен тікелей байланыстан аулақ болған. М. Хайдеггер христиан дәстүрі мен теологиялық терминологиядан шабыт алса да, Құдай туралы метафизикалық тұжырымдардан саналы түрде бас тартып, адамның болмысы мен оның «тастандылық» күйіне назар аударды (Heidegger, 1962: 220).

Маңыздысы – экзистенциализм Құдай мәселесін емес, адам мәселесін ортаға қояды. Оның болмысы, таңдауы, алаңдаушылығы мен шынайылығы. Осы тұрғыдан алғанда, бұл философия сеніммен де, сенімсіздікпен де қатар өмір сүре алады. Тіпті Сартрдың өзі оның атеизмі дінмен күреске емес, еркіндік туралы философиялық талдауға негізделгенін айтқан. Сонымен қатар, ол Кьеркегор мен Достоевский сияқты діндар авторлардың өзіне әсер еткенін жасырмаған.

Осы себепті экзистенциализмді атеизммен теңестіру – тарихи қате түсініктің және философиялық немқұрайлылықтың нәтижесі. Экзистенциализмнің шынайы бейнесі Құдайға сенушілер мен сенбейтіндер арасында жүретін шиеленісті, терең диалог.

*Экзистенциализм – меланхолия, депрессия немесе эмоциялық күйзеліс емес*

Көпшілік және мәдени санада экзистенциализм жиі меланхолиямен, мұңмен немесе күйзеліспен теңестіріледі. Голливуд фильмдері мен бұқаралық әдебиетте «экзистенциалдық» сөзі көбінесе көңіл-күйдің нашарлығы не эмоциялық дағдарыс ұғымын білдіреді, яғни, кейіпкер «экзистенциалдық мұңға» түстім дейді, ал шын мәнінде жай ғана апатия немесе ішкі мазасыздықты меңзеп отыр. Күнделікті тұрмыста «менде экзистенциалдық дағдарыс басталып кетті» деген сөздерді естуге болады, бірақ бұл айтылымдар философиялық мазмұнмен байланыспайды. Осылайша, экзистенциализм өз концептуалдық тереңдігін жоғалтып, тек психоэмоционалдық белгіге айналып отыр.

Бұл түсініктің қалыптасуына экзистенциалистердің көбінесе – қорқыныш, үмітсіздік, кінә, мазасыздық, жалғыздық секілді шеткі психологиялық күйлерге назар аударуы да әсер еткен болуы мүмкін. Алайда бұл философияның мақсаты – осы күйлерді эстетизациялау емес, керісінше, олар арқылы адам болмысының тереңдігін ұғыну. Мәселен, Кьеркегор үмітсіздікті рухани оярудың құралы ретінде қарастырады (Kierkegaard, 1980: 6), Хайдеггер алаңдаушылықты шынайылыққа апаратын жол ретінде түсіндіреді (Heidegger, 1962: 200). Ясперс «шекаралық жағдайлар» арқылы тұлғаның экзистенциалдық қалыптасуын сипаттайды (Jaspers, 1968: 10).

Айта кету керек, экзистенциализм күйзеліске шақырмайды және азапты абсолютке айналдырмайды. Керісінше, ол мұндай күйлерді антропологиялық және онтологиялық симптомдар ретінде қарастырады. Олар адамның еркіндігі мен шектеулілігіне, болмыс дағдарысына және трансценденттіліктен үзілуге сілтеме жасайды. Тіпті Франкл, Марсель мен Бердяев сияқты ойшылдар өз еңбектерінде үміт, мағына, сүйіспеншілік пен кездесудің маңыздылығын атап өтеді – олар тіпті азаптың өзінде де.

Сондықтан экзистенциализмді меланхолияға теңестіру – бұл жай ғана бұрмалау емес, бұл шынайы философиялық ұстанымды пассивті эмоция философиясына алмастыру. Мұндай алмастыру экзистенциализмнің аналитикалық қатаңдығын төмендетіп, оны жай ғана эмоционалдық клише дәрежесіне түсіреді.

Экзистенциалистік бағыт қазіргі психотерапияның маңызды әдістемелік негіздерінің біріне айналды. Экзистенциалдық психотерапия адамның мазасыздық, күйзеліс, өмірдің мәнсіздігі тәрізді түйінді мәселелермен бетпе-бет келіп, оларды еңсеру қабілетіне сүйенеді. Бұл терапиялық тәсіл пациенттің еркіндік пен таңдау мүмкіндігін мойындап, өмірлік қиындықтарды мағына іздеу арқылы еңсеруін көздейді. Мысалы, В. Франкл негізін қалаған логотерапия адам болмысындағы мән іздеуді басты қозғаушы күш деп қарастырады; тіпті азап пен қайғы жағдайының өзінде өмірден мағына табуға ұмтылу мүмкіндігі бар екенін атап көрсетеді. Франклдің пікірінше, адам өмірінің мәнін жоғалтуы – қоғамдағы кең таралған экзистенциалдық дағдарыстың негізі (Frankl, 2006). Сол себепті психотерапия адамның өлім, еркіндік, оқшаулану сияқты түбегейлі ақиқаттарын мойындап, оларды өмір сүру мотивациясына айналдыруға көмектесу керек.

Американдық психологтар қауымдастығының (APA) 2019 жылғы сауалнамасы нәтижесінде АҚШ ересектерінің шамамен 30%-ы өмірінің мағынасы жайлы алаңдаушылықты (экзистенциалдық үрейді) бастан кешіретіндігі анықталған. Бұл көрсеткіш психологиялық қызметте аталған терең экзистенциалдық сұрақтарды ескеретін тәсілдердің қажеттілігін айқындайды. Осыған орай қазіргі практикалық психологияда адамның өзіндік мәнін табуына, жауапкершілік алып, түпкі таңдау жасауына көмектесетін экзистенциалды-бағдарлы терапия бағыттары дамып келеді. Мұндай терапияларда клиенттің өлім қорқынышы, өмірдің өткіншілігі сияқты түйткілдері ашық талқыланып, оларды жеке өсу мен өзгерістің тірегіне айналдыру көзделеді. Нәтижесінде экзистенциализм принциптері адамның психикалық саулығын тұтастай қарастыруға, оның өмірінде терең мағына қалыптастыруға ықпал ететін тиімді құрал ретінде танылуда.

*Экзистенциализм – енжарлық, жігерсіздік немесе тізе бұғу философиясы емес*

Экзистенциализмге үстірт қарайтындар арасында бұл философияны жеңіліс, пессимизм және әрекетсіздікпен байланыстыратын көзқарас кең таралған. Бұқаралық санада экзистенциалист кейіпкер өмірден қажыған, күйреген, тұйық адам ретінде елестетіледі, ол еш әрекетке қабілетсіз, тек ішкі күйзеліс ішінде қалып қояды. Мұндай қабылдау экзистенциализмді психологиялық тізе бұғудің философиясы ретінде көрсетеді: адамға тек абсурдты мойындап, азап шегіп, үнсіз қабылдау ғана қалады дегендей.

Алайда бұл түсінік – тек жеңілдету ғана емес, экзистенциалистік ойдың рухына тікелей қайшы келетін көзқарас. Шын мәнінде, Экзистенциализм – әрекет, жауапкершілік және ішкі жұмылу философиясы. Тіпті мағынасыздықтың немесе болмаудың қауіп жағдайында да Сартр, Камю, Ясперс, Кьеркегор, Франкл таңдаудың, ерік-жігердің, күрестің және үн қатудың қажеттілігін ерекше атап өтеді.

Камю «Сизиф туралы миф» атты еңбегінде болмыстың абсурдтығын ғана атап қоймай, дәл осы абсурд арқылы өмірді қайта қабылдауға негіз табады: «Сизифті бақытты елестетуіміз керек», – дейді (Camus, 1991). Сартр «Адам еркіндікке тасталған» деп, бұл еркіндік таңдау мен жауапкершілікті білдіретінін айтады (Sartre, 1983). Франкл

тұжырымы бойынша, адам мағынаны іздеу арқылы әрекет ету мен жауапкершілікке негізделген тұтас философия мен терапиялық жүйе жасайды (Frankl, 2006).

Сонымен қатар, көптеген экзистенциалистер тек теориямен шектеліп қалмаған. Олар нақты қоғамдық және саяси өмірге араласқан. Блез Паскаль діни фанатизммен күресіп, қоғамдық реформаларды ұсынды. Сартр саяси белсенділікпен айналысты. Камю Француз қарсылығында белсенді болды, ал Кьеркегор шіркеу ішіндегі екіжүзділікті де, рационалистік менмендікті де сынады.

Демек, экзистенциализмді әрекетсіздік философиясы ретінде көрсету – бұл алаңдаушылық, азап, өлім сияқты жекелеген тақырыптарды олардың философиялық контекстінен жұлып алып, үстірт пайымдау. Экзистенциализм азапты жоққа шығармайды, бірақ адамнан жауап күтеді, шегіну емес, ішкі күш-жігерді талап етеді.

*Экзистенциализм – пессимизм емес*

Экзистенциализм көбінесе үмітсіздік, шарасыздық және дүниенің қараңғы, сұр бейнесімен байланыстырылады. Бұл әсер – әсіресе Сартр мен Камюдың көркем шығармалары мен философиялық стильдерінен туындайды. Олардың кейіпкерлері оқшауланған, азап шеккен, адасқан, кейде өзін-өзі жойып жатқан бейнелер философиялық пессимизмнің көрінісі ретінде қабылданады. Бұқаралық мәдениет те бұл көңіл күйді іліп әкетіп, экзистенциализмді «өмірге деген сұр көзқарастың» баламасына айналдырады.

Алайда мұндай түсінік экзистенциализмнің шынайы философиялық мазмұнына қиянат болар еді. Әрине, бұл бағыт өлім, азап, мазасыздық пен мағынасыздық мәселелеріне терең мән береді. Бірақ ол бұл мәселелерді үмітсіздік күйінде бекітпейді. Экзистенциализм – шарасыздық философиясы емес, бұл – анықтыққа, жауап беруге және дағдарыс арқылы ішкі кемелдікке ұмтылудың философиясы.

Тіпті Сартрдың өзі пессимизмге ең жақын философтардың бірі бола тұра, абсолютті шарасыздық жайлы емес, онтологиялық белгісіздік жағдайында еркін таңдау жасау қажеттігі туралы айтқан. Камю «әлем абсурдты» дегенімен, үмітсіздікке емес, «қасиетті қарсылыққа» шақырады, яғни абсурдқа қарсы тұру адамның қадір-қасиетінің көрінісі (Camus, 1991).

Діни экзистенциалистер – Кьеркегор, Ясперс, Франкл, Бердяев, Марсель үшін азап пен шектеулілік пессимизм көзі емес, керісінше шынайы еркіндікке, сенімге, сүйіспеншілік пен мағынаға апарар терең жол. Франкл концлагерь жағдайында да адамдық қадір-қасиетті жоғалтпау қажеттігін атап өтті және азапты адамгершілік өсу мүмкіндігі ретінде қарастырды. Яғни экзистенциализм ол дәстүрлі мағынадағы пессимизм емес. Ол «бәрі жаман және әрдайым солай болады» демейді, керісінше, тіпті түнекте де шынайылық, таңдау, күш-жігер және үміт бар екенін көрсетеді.

*Экзистенциализм – нигилизм емес*

Экзистенциализмді нигилизммен, яғни мағына, құндылық, мораль, сенім және болмыстың өзін түбегейлі терістеумен – теңестіру ең ауыр философиялық бұрмалаулардың бірі. Бұл қате түсінік ХХ ғасырда кеңінен таралып, бүгінде де бұқаралық мәдениетте де, кейбір академиялық пайымдарда да кездесе береді. Экзистенциалистерді мағына негіздерін бұзып, «батыстық мәннің дертіне» себепкер болды деп айыптау үрдісі қалыптасты.

Шынында да, сырттай қарағанда екі бағыт арасында ұқсастық байқалады: экзистенциализм бастапқы нүкте ретінде адамның алдын ала берілген мағынасыз әлемге тап болуын мойындайды. Әлем үнсіз, кездейсоқ, адамға немқұрайлы. Құдай

үндемейді. Ешбір жүйе, діни болсын, идеологиялық болсын адамға мән-мағына ұсына алмайды. Бірақ дәл осы тұста экзистенциализм нигилизмнен түбегейлі ажыратылады.

Нигилист былай дейді: «Ештеңенің маңызы жоқ, демек, бәріне рұқсат».

Экзистенциалист былай дейді: «Ештеңенің маңызы жоқ, демек, бәрі маған байланысты».

Нигилизм – бұл әрекетсіздік философиясы. Ол мағынаны құрудан бас тартады. Ал экзистенциализм керісінше, мағына берілмейді, ол жасалады деп бекітеді. Тіпті экзистенциализмнің ішіндегі ең «нигилистік» өкіл деп саналатын Альбер Камюдың өзі «Сизиф туралы мифте» мағынадан бас тартуға емес, саналы қарсылыққа, абсурдқа қарсы тұру арқылы эстетикалық және моральдық өз-өзінді бекітуге шақырады.

Ницшенің нигилистік идеялары, әсіресе «Құдайдың өлімі» тақырыбы экзистенциализмге әсер етті. Алайда көптеген экзистенциалистер (Кьеркегор, Франкл, Ясперс) бұл идеяларға сенім, диалог, сүйіспеншілік, ортақтық арқылы балама ұсынады. Сартрдың өзі де, атеист бола тұра, нигилизмге бой бермеген, керісінше, ол адам өзін де, басқаларды да жауапкершілікпен тануға міндетті екенін алға тартады.

Сондықтан экзистенциализм – терістеудің философиясы емес, сыртқы негіздердің жоқтығына берілген жауап философиясы. Ол априорлық мағыналардың болмауын мойындайды, бірақ мағынаның өзін терістемейді. Ол адам еркіндігін бейберекеттік емес, еңбек, тәуекел және жауапкершілік деп түсіндіреді.

*Экзистенциализм – гуманизм немесе дәстүрлі антропоцентризм емес*

Экзистенциализмге қатысты интеллектуалды күрделірек, бірақ мазмұндық жағынан қате пікірлердің бірі – оны гуманизмнің бір түрі ретінде қабылдау. Бұл көзқарас, әсіресе Сартрдың әйгілі «Экзистенциализм – бұл гуманизм» (1946) атты баяндамасына сүйенген интерпретациялар арқылы таралған болар. Алайда мұнда мына нәрсені ескеру қажет. Сартр бұл мақаланы ғылыми орта үшін емес, көпшілікке арнап жазды. Қоғам экзистенциализмді дұрыс қабылдай алмаған соң, оның негізгі ұстанымдарын түсіндіру үшін гуманизм сөзін қолданады. Гуманизм терминінің академиялық ғылымда мағынасы мен жалпы қоғамдағы мағынасы бөлек. Қарапайым көпшілік оны «адамгершілік» деген мағынада түсінеді. Сартр адам тек өмір сүріп қана қоймай, өз әрекеттері арқылы өзін өзі анықтайды және сол арқылы құндылықтардың қайнар көзіне айналады деп жазады: «Адам – өзі жасаған нәрсеге тең». Алайда бұл жерде сөз дәстүрлі гуманизм туралы емес. Экзистенциалистік гуманизм – ағартушылық кезеңіндегі, позитивизмдегі немесе Қайта өрлеу дәуіріндегі гуманизмнен мүлдем бөлек. Онда адам үйлесімді, ақылға қонымды, ізгі жаратылыс ретінде, әлемнің орталығы ретінде көрсетілмейді. Керісінше, экзистенциализм адамның бөлшектенген, мазасыз, шектеулі, моральдық тұрғыдан қауіпке толы және абсурдқа тап болған болмыс екенін айтады. Экзистенциализмдегі адам – жаратылыстың тәжі емес, керісінше, еркіндік пен жауапкершіліктің ауыр жүгін көтеруге мәжбүр болған тіршілік иесі.

Сартрдың мәтінінің өзінде, гуманистік атауына қарамастан, терең антигуманистік пафос сезіледі. Бұдан бөлек, экзистенциализмге терең ықпал еткен Мартин Хайдеггер гуманизмді метафизиканың бір түрі ретінде ашық сынады. Ол 1947 жылғы «Гуманизм туралы хатында» шынайы философия адамның ұлылығын дәріптеуде емес, оны болмыс мәселесіне қайтаруда жатыр деп жазады.

Діни экзистенциалистер де гуманизмнен алшақ. Кьеркегор үшін Құдайсыз адам – үмітсіздік, ал Марсель үшін – толық емес болмыс. Франкл еркіндік пен мағына мәселесін көтере отырып, мағына адамның өзінен емес, сырттан ашылатын нәрсе екенін айтқан.

Сондықтан экзистенциализмді гуманизммен теңестіру – бұл мағыналық шатаасудың айқын мысалы. Мұндай интерпретация экзистенциалистік ойлаудың өзегіндегі шиеленісті жоғалтып жібереді, яғни, еркіндік пен алаңдаушылық арасындағы, шектеулілік пен трансценденттік арасындағы, этика мен абсурд арасындағы кернеуді. Экзистенциализм – адамды мадақтау емес, оның осалдығы, мүмкіндігі және жауапкершілігі туралы барынша адал әрі терең философиялық пайымдау.

*Экзистенциализм – обскурантизм де, иррационализм де емес*

Кейде экзистенциализм бұлыңғырлыққа, бұлдыр бейнелерге, поэтикалық образдарға толы, рационалды ойлаудан бас тартқан философия ретінде қабылданады. Әсіресе экзистенциалистік мәтіндермен алғаш рет бетпе-бет келген оқырмандар оның категориялық нақтылығы мен логикалық жүйелілігінің орнына парадокстарды, метафораларды, ағынан жарылушылық интонацияларды және терең эмоциялық реңкті көреді. Бұл жағдай экзистенциализмді «бұлдырлық философиясы» немесе мәдени обскурантизмнің бір формасы ретінде түсінуге итермелейді.

Мұндай қабылдау көбіне экзистенциалистердің жазу стилімен байланысты. Кьеркегор, Шестов, Бердяев, тіпті Камю мен Марсельдің мәтіндері көбіне субъективті, афористік, метафизикалық бейнелерге толы. Бұл аналитикалық философияның айқын категориялар мен логикалық реттілікке негізделген стилімен күрт қарама-қайшы. Мысалы, Хайдеггер дәстүрлі философиялық тілді саналы түрде бұзып, жаңа ұғымдар мен сөз орамдарын жасайды. Себебі ол болмыс тәжірибесіне барынша жақындауға тырысады. Сартр болса философиялық ойларын роман мен пьеса түрінде жеткізеді. Мұның бәрі экзистенциализм «түсініксіз» әрі «ғылыми емес» деген әсер қалдырады.

Алайда бейнелер мен парадокстарға, дара тәжірибеге жүгіну – ойлаудан бас тарту емес. Керісінше, экзистенциализм – радикалды ойлау формасы, ой шегіне дейін баруға дайын философия. Ол ақыл-ойдан бас тартпайды, бірақ оның автоматизмдерін, жалпылық пен жүйелілікке негізделген жалған сенімдерін сынайды. Бұл – логиканың шегін білетін, сол шектен өтуден қорықпайтын, бірақ хаос үшін емес, шынайылық үшін шығатын ойлау.

Экзистенциализм адамның өмір сүруінің даралығына, алаңдаушылығына, қауіп пен нақтылығына ден қоюды талап етеді. Бұл бағыт зияткерлік тереңдігін сақтай отырып, рационализмді жалғыз философиялық жол ретінде мойындаудан бас тартады. Оның өкілдерінің көбі – жоғары білімді философтар, ғалымдар мен ұстаздар (Ясперс, Франкл, Бубер, Тиллих), олар сыни тұрғыдан ойлайды, бірақ академиялық штамптарға тәуелді емес.

Сондықтан экзистенциализм – тұман немесе мистицизм емес, ақиқаттан жалтару емес. Бұл – философиялық шынайылықтың шегіне жеткен, тіл мен ойдың шекарасын кеңейтіп, болмыспен бетпе-бет келуге ұмтылған терең интеллектуалдық күш.

*Экзистенциализм – жай ғана «өмір, өлім және еркіндік» философиясы емес*

Алғаш қарағанда зиянсыз болып көрінгенімен, методологиялық тұрғыда ең қауіпті жеңілдетулердің бірі – экзистенциализмді «терең тақырыптардың» жиынтығына айналдыру: өмір, өлім, жалғыздық, таңдау, еркіндік, мағына. Білім беру мен бұқаралық түсіндіру кеңістігінде экзистенциализмді «адам болмысының маңызды сұрақтарын қозғайтын философия» ретінде таныстыру кең таралған. Бұл анықтама сырттай дұрыс көрінгенімен, мазмұндық жағынан тар әрі философиялық тұрғыда бұлдыр.

Әрине, экзистенциализм өмір, өлім, еркіндік тақырыптарын зерттейді. Мұндай мәселелер стоиктерде, буддистерде, орыс діни ойшылдарында, христиан және ислам

теологиясында, романтизмде, тіпті «өзін дамыту» туралы маркетингтік курстарда да бар. Тақырыптың өзі – экзистенциализмнің мәні емес. Нағыз экзистенциализм «не туралы ойланғаным» ғана емес, «қалай ойланғанымды» да қамтиды.

Экзистенциализм – өзіндік ойлау тәсілі мен ерекше болмыс категориясы бар философия. Оның өзгешелігі – болмысты емес, экзистенцияны, яғни адамның нақты өмір сүруін философиялық назардың ортасына қоюы. Яғни, абстрактілі жүйелерге емес, адам болмысының нақтылығына, оның «осы жерде және қазір» өмір сүруіне, жеке еркіндікке, шектеулілікке, алаңдаушылыққа, шешім мен шынайылыққа бағытталған ойлау. Ол жай ғана өмір туралы айтпайды – ол адамның сыртқы кепілдіксіз әлемде қалай өмір сүре алатынын ашып көрсетеді.

Сондықтан экзистенциализмді «терең тақырыптар философиясына» айналдыру – оның әдіснамалық күшін жойып, философиялық тәртіптен ажыратылған жалпы «экзистенциалдық реңкке» айналдыру. Бұл әсіресе академиялық ортада қауіпті, себебі «экзистенциалдық» сөзі жиі нақты категориялық негізі жоқ, поэтикалық не психологиялық пайымдауды бүркемелеу үшін қолданылып жатады.

Экзистенциализм – тек өмір мен өлім туралы ой емес, адамның болмысының трагедиялық әрі ұлы сипатын мойындай отырып, сол болмысты бастан кешіру мен ойлаудың философиялық тәсілі.

Экзистенциалистік философияның қағидалары білім беру теориясы мен тәжірибесінде де маңызды орын алады. Экзистенциализм адамды өзіндік қайталанбас тұлға және өмірінің мәнін жасаушы субъект ретінде қарастыратындықтан, білім беру үдерісінде білім алушының еркін ойлауы, өзіндік таңдау жасауы, өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруы басты назарға алынуы тиіс. Педагогикалық зерттеулерде білім берудің мақсаты тек тиімді маман даярлау ғана емес, сонымен бірге тұлғаның рухани дамуы мен өзін-өзі тануына жағдай жасау екені айтылуда. Мысалы, экзистенциалистік тұрғыдан келгенде мектеп пен университеттер жастардың өз болмысының мәні туралы сұрақтар қоюына мүмкіндік бермей, тек утилитарлық білім мен дағдыларды беруге басымдық жасаса, бұл рухани вакуум қалыптастыруы мүмкін. Маңызды экзистенциалдық сұрақтарды елемеу жас ұрпақ өмірінде рухани босқуатты (вакуумды) тудырып, білім мазмұнын тек құралдық, прагматикалық мәселелерге төмендетеді. Расында да, мектеп бағдарламаларында жеке тұлғаның өзіндік менін табу, өмірде мән іздеу, шынайы құндылықтарын қалыптастыру сияқты экзистенциалдық міндеттерін назардан тыс қалдыру – жастардың болашақта мақсатсыздық пен немқұрайлылық сезіміне бой алдыруына әсер етеді. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінде экзистенциалистік бағыттағы педагогика идеяларының маңызы артып келеді: философиялық пәндерді оқыту, пікірталас және рефлексия арқылы шәкірттердің өзіндік өмірлік ұстанымдары мен мәндік сұрақтарын қалыптастыруға жағдай жасау қажеттігі туындауда. Мұндай тәсіл жастардың тек кәсіби біліктілігін ғана емес, сонымен бірге адам ретінде толысуына, рухани-адамгершілік тұрғыда жетілуіне ықпал етеді. Өйткені, экзистенциализм атап көрсеткендей, адам тек дайын аксиомаларды меңгеруші емес, өз өмірінің мәнін іздеуші жан. Білім беру осы ізденісті қолдап, адамгершілік, еркіндік, өзіндік таңдау ұғымдарын оқу-тәрбие үрдісінің ажырамас бөлігіне айналдырғанда ғана оның толыққанды дамыту әлеуеті іске асады.

Сонымен қатар қазіргі бұқаралық мәдениет пен сын саласында экзистенциализм идеялары қоғамдағы күйзеліс пен мән іздеу мәселелерін түсінуге маңызды теориялық

құрал. XX ғасыр ортасында экзистенциализмнің өрлеуі екі дүниежүзілік соғыстан кейінгі мәдени-мағыналық дағдарыспен тығыз байланысты болса, бүгінгі күні де жаһандық тұрақсыздық, құндылықтық дезориентация жағдайында оның мәні қайта артуда. Франкл заманауи қоғамды жайлаған мәнсіздік пен босқындықты «экзистенциалдық вакуум» деп атайды және бұл жалпыға ортақ невроз, яғни өмірдің мәні жоқ деген нигилистік сенімнен туындайтын рухани күйзеліс. Франкл бұл құбылысты XX ғасыр ортасында сипаттаса да, қазіргі зерттеушілер оның өзектілігі азаймағанын айтады. Көптеген жастар, әсіресе, жоғары сынып оқушылары мен студенттер өмірде бағыт-бағдарсыз, құндылыққа адалдық таныта алмай, «дербес мәннен айырылған» күйде сезінеді. Жазушы Уокер Перси осы құбылысты мәдениеттегі «мазасыз бейқамдық» деп атаған, яғни, адамның өзіндік болмысынан тыс үлкен бір нәрсеге беріліп, мағына таба алмауы.

Қазіргі замандағы секуляризация үрдісі, технологиялық өзгерістер және әлеуметтік қарым-қатынастың босаңсуы адамның шынайы өмір сүру сұрағын күн тәртібіне қайта шығарды. Яғни сырттай қарағанда материалдық және ақпараттық молшылық заманында өмір сүрсек те, көпшілік қоғамда рухани ашығу байқалады. Экзистенциализм бұқаралық мәдениеттің осы күйін сынға ала отырып, әрбір адамды өз болмысының түпкі сұрақтарын қайта зерделеуге шақырады. Бұл шақыру өнер мен әдебиетте де көрініс табуда. Қазіргі фильмдер, романдар мен театрлық қойылымдарда оқшаулану, абсурд, өмірдің мәнін іздеу тақырыптары жиі көтеріледі. Мәселен, XX ғасырдағы әйгілі экзистенциалистік туындылар (Камюдің «Бөгде» романы, Беккеттің «Годоға күте тұрыңыз» пьесасы, т.б.) адамзаттың мән іздеудегі трагедиялық ахуалын бейнелесе, бүгінгі мәдениетте де жалғыздық, мақсатсыздық, таңдау қиындығы сияқты мотивтер кең таралған. Мұның өзі экзистенциализм қозғаған проблемалардың әмбебаптығын және олардың мәдени-әлеуметтік талдауда әлі күнге өзекті екенін көрсетеді.

Цифрлық технологиялар дәуірі экзистенциализм үшін жаңа сынақ алаңы іспетті. XXI ғасырда интернет пен әлеуметтік желілердің өркендеуі нәтижесінде адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған байланыстылық орнады. Ақпарат алмасу жылдамдығы шексіз өсіп, кеңістіктік шекаралар жойылуда. Алайда бұл құбылыс адам болмысының парадоксын айқын көрсетті. Жан-жақты желілік байланыстылық жалғыздық пен оқшаулану сезімін жоя алған жоқ, керісінше кейде күшейте түсуде. Виртуалды кеңістіктегі өмір адамдарды өздерінің мінсіз «онлайн» бейнелерін жасауға итермелейді, әлеуметтік желілердегі үздіксіз көріністік бәсеке қызғаныш, мазасыздық туындатып, тұлғаның өзіндік шынайылығын жоғалту қаупін төндіреді. Цифрлық заман тудырған осы құбылысты кейде «технологиялық оқшаулану» деп аталады. Экзистенциализм тұрғысынан алғанда, технология дәуірінде де адам өз болмысының мәндік өзегін ұмытпауы тиіс. Виртуалды әлемнің қысымына қарамастан еркіндік пен таңдау мүмкіндігін сақтап, шынайы өзіндік «Менін» жоғалтпауы маңызды. Қазіргі философтар адамның цифрлық әлемде өзін объектілендіріп, «тек құралға айналып кетуінен» сақтандырады. Сонымен бірге, экзистенциалистер ұстанымдары цифрлық технологияларды дұрыс мақсатта пайдаланып, адамға қызмет ететін мағыналы құралға айналдыруға шақырады. Мысалы, ақпараттық тасқыннан саналы түрде маңыздысын таңдау, цифрлық міндеттемелерді шектеу, виртуалды және нақты өмір арасында теңгерім сақтау, мұның барлығы экзистенциалистік жауапкершілік пен саналы таңдау принциптерінен туындайды.

Технологиялық заманның сынақтары – әлеуметтік оқшаулану, жеке бастың сәйкестік дағдарысы, шынайы қарым-қатынастың әлсіреуі – бұлардың барлығы экзистенциализмді жаңа қырынан қажет етіп отыр. Осындай жағдайда экзистенциализмнің адам болмысы жөніндегі мұрасы бұрынғыдан бетер маңызды. Заманауи қоғамда өршіп отырған мазасыздықты тек патология деп емес, адам болмысының табиғи бір бөлігі деп ұғына отырып, одан қашпай, керісінше сол арқылы өмірді түпкілікті шынайы сүру жолын табу қажет. Бұл – технология дәуіріндегі адамға экзистенциализм ұсынатын басты тағылым. Осылай еткенде ғана цифрлық заманның ортасындағы адам экзистенциалдық түп сұрақтарын шынайы шешуге қадам жасай алады: «Мен кімін? Мақсатым не? Бұл әлемде қалай мағыналы өмір сүремін?» сынды сауалдарға жауап табуға мүмкіндік ашылмақ.

## Нәтижелер

Жүргізілген талдау көрсеткендей, экзистенциализм – қазіргі мәдениет пен академиялық білім кеңістігіндегі ең көп бұрмаланған әрі мифологизацияланған философиялық дәстүрлердің бірі. XX ғасырдың ортасынан бастап, әсіресе соңғы онжылдықтарда, экзистенциализм мағыналық эрозияға ұшырап, нәтижесінде оның әдіснамалық нақтылығы, категориялық күрделілігі және рухани тереңдігі жоғалып барады (Әбділдин, 2002: 360). Мұндай бұрмалану тек қазақстандық ғылыми ортада емес, философиялық фундаменти берік еуропалық елдерде де, ондағы академиялық орталарда да байқалып жатыр. Бұл шамамен екі деңгейде байқалады (Кесте 2):

Кесте 2 – Экзистенциализмді қабылдаудың бұқаралық және академиялық деңгейдегі көрінісі

Бұқаралық мәдениетте	Академиялық ортада
Азап пен мұңның эстетикасы, «модалық мұң» ретінде қабылданады.	Философия өмір, өлім және таңдау сияқты тақырыптармен шектеліп, философиялық құралдармен терең қамтылмайды.

Мұндай бұрмаланулардың себептері көпқабатты (Кесте 3):

Кесте 3 – Экзистенциализмді бұрмалау себептері

Мәдени деңгейде	Академиялық деңгейде
Күрделі философиялық ұғымдарды жеңілдетуге деген ұмтылыс.	Экзистенциализмнің жүйелі оқытылуының жетіспеушілігі, сондай-ақ философияны психотерапиялық, әдеби немесе эмоциялық метафоралармен алмастыру үрдісі. Бұған қоса, экзистенциалистердің жазу стиліне тән ерекшеліктер (афористік құрылым, исповедтік интонация, парадоксалылық) жиі рационалды ойлаудан бас тарту ретінде қабылданып, экзистенциализмнің «түсініксіздігі» жайлы стереотипті нығайта түседі

Бұрмалаулардың салдары өте маңызды (Кесте 4):

Кесте 4 – Экзистенциализмді бұрмалаудың салдарлары

№	Экзистенциализмді бұрмалаудың салдары
1	Олар философиялық мұраны үстірт клишелерге дейін жеңілдетіп жібереді.
2	Экзистенциалдық еркіндіктің мағынасын бұрмалап, оны не бейберекеттікке, не әрекетсіздікке айналдырады.
3	Экзистенциализмді оқыту барысын қиындатып, студенттерді бұл философияның терең мәніне қол жеткізу мүмкіндігінен айырады.

Қазіргі әлемдік және тұлғалық дағдарыстар жағдайында адамдар алаңдаушылық, жоғалту, мағына және болмыстың шекаралары сияқты мәселелермен жиі бетпе-бет келетін тұста экзистенциализмге үстірт көзқарас емес, шынайы философиялық ойлауға қайта оралу аса маңызды.

Зерттеу экзистенциализмді талдаудың барлық мүмкін жолдарын қамтымайды. Сол себепті болашақта мынадай бағыттарды қарастыру маңызды болмақ:

- әртүрлі елдердің университеттерінде экзистенциализм қалай оқытылады;
- мектеп оқулықтары мен ғылыми-көпшілік әдебиеттерде ол қалай бейнеленген;
- экзистенциализмнің бұрмалануы психотерапия, рухани өмір және мәдени өзіндік сананы қалыптастыру тәжірибелеріне қалай әсер етеді.

Сондай-ақ, экзистенциализмді тек «драмалық тақырыптардың жиынтығы» ретінде емес, философиялық әдіс пен ойлау тәсілі ретінде академиялық философия саласына қайтару – өзекті міндет.

### Қорытынды

Экзистенциализм – қазіргі заманның ең өзекті және сұранысқа ие философиялық дәстүрлерінің бірі болып қала береді. Себебі ол адам болмысы, еркіндік, таңдау, алаңдаушылық және мағына сияқты іргелі мәселелерді көтереді. Алайда жүргізілген талдау көрсеткендей, аталмыш мәселе әрі бұқаралық санада, әрі академиялық дискурста бұрмаланып, дұрыс түсінілмей келеді. Экзистенциализм жиі түрде нигилизммен, күйзеліспен, пессимизммен, обскурантизммен, психологиямен шатастырылады немесе Жан-Поль Сартрдың есімімен ғана шектеліп түсіндіріледі.

Апофатикалық әдісті қолдана отырып, зерттеу экзистенциализмді түсінудің жолы абстрактілі анықтамалар арқылы емес, қате және шектеулі түсіндірмелерді біртіндеп теріске шығару арқылы өтетінін көрсетті. Мұндай тәсіл экзистенциализмге оның философиялық тұтастығын, ішкі шиеленісін және категориялық нақтылығын қайтаруға мүмкіндік береді.

Экзистенциалистік ой шекарасын нақтылау тек теориялық емес, практикалық маңызға да ие. Қазіргі мәдени, рухани және жеке тұлғалық дағдарыс жағдайында шынайы философиялық ойлауды оның бұрмаланған бейнесінен ажырата білу маңызды. Мақала экзистенциализмді философиялық тұрғыда қайта ұғынуға үлес қосып, философия, білім беру, психотерапия және мәдениеттану салаларында келешек зерттеулерге бастау

нүктесі бола алады. Осы арқылы мақала қазіргі экзистенциализм герменевтикасына үлес қосып, оның бұрмалану түрлеріне негізделген әдіснамалық жіктемені ұсынады. Ал алынған нәтижелер философияны оқытуда, гуманитарлық ғылымдардағы сыни дискурс аясында және салыстырмалы мәдени зерттеулер негізінде тиімді пайдаланылуы мүмкін.

### Әдебиет

- Әбділдин, Ж. (2002). *Философия және мәдениет: таңдамалы еңбектер*. Ғылым.
- Елікбай, С. (2016). *Қазақ философиясындағы адам болмысы мәселелері*. Ұлттық кітапхана.
- Kierkegaard, S. (1980). *The sickness unto death* (H. V. Hong & E. H. Hong, Trans.). Princeton University Press.
- Kierkegaard, S. (1983). *Fear and trembling* (H. V. Hong & E. H. Hong, Trans.). Princeton University Press.
- Heidegger, M. (1962). *Being and time* (J. Macquarrie & E. Robinson, Trans.). Harper & Row.
- Marcel, G. (1951). *The mystery of being* (Vols. 1–2, G. S. Fraser, Trans.). St. Augustine's Press.
- Sartre, J.-P. (2001). *Being and nothingness* (H. E. Barnes, Trans.). Routledge.
- Sartre, J.-P. (2007). *Existentialism is a humanism* (C. Macomber, Trans.). Yale University Press.
- Camus, A. (1991). *The myth of Sisyphus* (J. O'Brien, Trans.). Vintage International.
- Jaspers, K. (1968). *Reason and existenz* (W. Earle, Trans.). Noonday Press.
- Macquarrie, J. (1972). *Existentialism*. Penguin Books.
- Cooper, D. E. (2000). *Existentialism: A reconstruction* (2nd ed.). Blackwell Publishers.
- Crowell, S. (2020). *Existentialism*. In E. N. Zalta. (Ed.). *The Stanford Encyclopedia of Philosophy* (Fall 2020 ed.). <https://plato.stanford.edu/entries/existentialism/>
- Frankl, V. E. (2006). *Man's search for meaning*. Beacon Press.
- Yalom, I. D. (1980). *Existential psychotherapy*. Basic Books.
- Levinas, E. (1987). *Time and the other* (R. A. Cohen, Trans.). Duquesne University Press.
- Taylor, C. (1989). *Sources of the self: The making of the modern identity*. Harvard University Press.
- Crowell, S. (2021). *Existentialism and contemporary philosophy*. Cambridge University Press.
- Young, J. (2021). *Existentialism and the philosophy of meaning*. Oxford University Press.
- Guignon, C., & Pereboom, D. (2022). *Existentialism: Basic writings* (2nd ed.). Hackett Publishing.
- Reynolds, J. (2023). *Existentialism and the meaning of life*. Routledge.
- Crowell, S., & Malpas, J. (2024). *Heidegger and the problem of phenomenology*. Routledge.

### References

- Abdildin, Zh. (2002). *Philosophiya zhane madeniet: tandamaly enbeker* [Philosophy and culture: Selected works]. Gylym. [in Kazakh]
- Camus, A. (1991). *The myth of Sisyphus* (J. O'Brien, Trans.). Vintage International. [in English]
- Cooper, D. E. (2000). *Existentialism: A reconstruction* (2nd ed.). Blackwell Publishers. [in English]
- Crowell, S. (2020). *Existentialism*. In E. N. Zalta. (Ed.). *The Stanford Encyclopedia of Philosophy* (Fall 2020 ed.). <https://plato.stanford.edu/entries/existentialism/> [in English]
- Crowell, S. (2021). *Existentialism and contemporary philosophy*. Cambridge University Press. [in English]
- Crowell, S., & Malpas, J. (2024). *Heidegger and the problem of phenomenology*. Routledge. [in English]
- Frankl, V. E. (2006). *Man's search for meaning*. Beacon Press. [in English]
- Guignon, C., & Pereboom, D. (2022). *Existentialism: Basic writings* (2nd ed.). Hackett Publishing. [in English]
- Heidegger, M. (1962). *Being and time* (J. Macquarrie & E. Robinson, Trans.). Harper & Row. [in English]
- Jaspers, K. (1968). *Reason and existenz* (W. Earle, Trans.). Noonday Press. [in English]
- Kierkegaard, S. (1980). *The sickness unto death* (H. V. Hong & E. H. Hong, Trans.). Princeton University Press. [in English]

- Kierkegaard, S. (1983). *Fear and trembling* (H. V. Hong & E. H. Hong, Trans.). Princeton University Press. [in English]
- Levinas, E. (1987). *Time and the other* (R. A. Cohen, Trans.). Duquesne University Press. [in English]
- Macquarrie, J. (1972). *Existentialism*. Penguin Books. [in English]
- Marcel, G. (1951). *The mystery of being* (Vols. 1–2, G. S. Fraser, Trans.). St. Augustine's Press. [in English]
- Reynolds, J. (2023). *Existentialism and the meaning of life*. Routledge. [in English]
- Sartre, J.-P. (2001). *Being and nothingness* (H. E. Barnes, Trans.). Routledge. [in English]
- Sartre, J.-P. (2007). *Existentialism is a humanism* (C. Macomber, Trans.). Yale University Press. [in English]
- Taylor, C. (1989). *Sources of the self: The making of the modern identity*. Harvard University Press. [in English]
- Yalom, I. D. (1980). *Existential psychotherapy*. Basic Books. [in English]
- Yelikbai, S. (2016). *Qazaq filosofijasindagy adam bolmysy maseleleri* [Issues of human nature in Kazakh philosophy]. *Ulttyq kitaphana*. [in Kazakh]
- Young, J. (2021). *Existentialism and the philosophy of meaning*. Oxford University Press. [in English]

### **Авторлардың қосқан үлесі**

**Ғабитов Т.Х.** – мақаланың жалпы ғылыми тұжырымдамасын айқындап, философиялық-мәдени негізін қалыптастырды, зерттеу нәтижелерінің дұрыстығына ғылыми жетекшілік жасады.

**Нуркабекұлы С.** – зерттеу идеясының өзектілігін негіздеп, мақаланың құрылымдық жүйелілігі мен логикалық бірізділігін қамтамасыз етті.

**Әбітай Д.М.** – зерттеу материалдарын жинақтап, талдау жүргізді, мақаланың кіріспе, әдіснама және қорытынды бөлімдерін дайындап, деректердің рәсімделуін қадағалады.

### **Мүдделер қақтығысы**

Жұмыстың авторлары мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

### **Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about authors**

**Saken Nurkabekuly** – Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, al-Farabi ave., 71, 050040, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0009-0008-6731-5468, e-mail: nekas.s60@gmail.com.

**Сәкен Нуркабекұлы** – докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0009-0008-6731-5468, e-mail: nekas.s60@gmail.com.

**Сакен Нуркабекулы** – докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр. аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан. ORCID: 0009-0008-6731-5468, e-mail: nekas.s60@gmail.com.

**Tursun Gabitov** – Doctor of Philosophical Sciences, Professor of Culturology, Al-Farabi Kazakh National University, al-Farabi ave., 71, 050040, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-1330-1799, e-mail: tursungabitov@mail.ru.

**Турсун Габитов** – философия ғылымдарының докторы, мәдениеттану профессоры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-1330-1799, e-mail: tursungabitov@mail.ru.

**Турсун Габитов** – доктор философских наук, профессор культурологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр. аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0002-1330-1799, e-mail: tursungabitov@mail.ru.

***Dinara Abitay*** – Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, al-Farabi ave., 71, 050040, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-1387-9793, e-mail: abitaydinara@gmail.com.

***Динара Әбітай*** – докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-1387-9793, e-mail: abitaydinara@gmail.com.

***Динара Абитай*** – докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр. аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0002-1387-9793, e-mail: abitaydinara@gmail.com.

***Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article***

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 03.02.2026

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 18.02.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 14.03.2026